



# Қош келдің, Әз Наурыз!



Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»



1938 жылдың 15 тамызынан  
бастап шығады

## АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым



«Қарағанды  
журналистикасын  
дамытуға қосқан  
үлесі үшін»

[www.facebook.com/a.ajary.kz](http://www.facebook.com/a.ajary.kz)

№ 11 (7953) 15 наурыз, Бейсенбі 2024 жыл

[aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)



### Наурыз жыры

Кел, Наурыз!  
Маздат отын тірліктің!  
Қыстай жанға шуақ сыйлар нұр күттім.  
Сенсіз мына жер-жаһанды жасартып,  
Өңірімді өрнектейді гүл кып кім?!  
Кел, Наурыз!  
Өлкемізге өң беріп!  
Жерге – шуақ,  
Елге – қуат,  
Дем беріп.  
Пенделердің қатып қалған жүрегін,  
Самарқанның көк тасындай кел де еріт.  
Кел, Наурыз!  
Ақ бұлақтай алқынып!  
Күндерінді бірге ала кел бад, тымық.  
Сені күтіп шыдам шыттай шытынап,  
Сары алтындай сабырды да сарқыдық.  
Кел, Наурыз!

Ырысынды ап жет елге!  
Тынышыңды алмау үшін бекерге.  
Өңіріне қада менің даламның,  
Көз тоймайтын гүлдерінді өкел де.  
Кел, Наурыз!  
Салтанат пен сән құрып!  
Ән мен күйден далам жатсын жаңғырып.  
Көрсет менің сауық құмар, той құмар,  
Өр елімнің тек өзіне тән қылық.  
Кел, Наурыз!  
Маздат отын тірліктің!  
Қыстай жанға шуақ сыйлар нұр күттім.  
Сенсіз мына жер-жаһанды жасартып,  
Өңірімді өрнектейді гүл кып кім?!  
Кел, Наурыз!  
Маздат отын тірліктің!

Ілияс Мұқай.

#### Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні –  
Әз Наурыз мейрамымен шын  
жүректен құттықтаймыз.  
Ежелгі дәуірден келе жатқан бұл  
жарқын мереке бүгінде көктем  
мен жаңарудың мерекесіне  
айналды. Ата-бабаларымыз  
көктемнің алғашқы күндерінде  
жер-дүние оянып, күннің сәулесімен  
Самарқанның көк тасы жібіп, күн  
ұзарып, жақсылық жамандықты  
жеңеді деп есептеген. Бұл күндері  
адамдар бір-біріне деген барлық  
реніштерін ұмытып, құшақ жая  
көрісіп, игі тілек айтысқан. Әз  
Наурыз мерекесі біздің жанымызды  
үйлесімділік пен мейірімділікке,  
сүйіспеншілікке бөлейді. Көктемгі  
күннің жылылығы мен шуағы  
барлығымызға бейбітшілік пен  
өркендеу әкелсін. Әз Наурыз  
мерекесі өзара терең құрметіміз  
бен түсінігімізді нығайта берсін!  
Барлық қиындықтар бізді айналып  
өтіп, шаңырағымызға тек бақ-  
береке дарысын!

Осынау ұлы мерекеге орай  
Сіздерге зор денсаулық,  
шығармашылық шабыт пен  
жаңа жетістіктер, құт-береке  
тілейміз. Көктемнің әр күні  
сіздердің үйлеріңізге қуаныш пенг  
амандық әкелсін.

Біздің ортақ үйіміз, Отанымыз –  
Қазақстан Республикасы гүлдене  
берсін!

Ақтоғай ауданының әкімі  
Р.Кенжебеков.

Аудандық мәслихаттың  
төрағасы  
Р.Әбеуов.

#### \*Мереке мезіреті

### Аналарға құрмет қашанда шексіз



Қазақта «әлемдегі әсемдік пен сұлулық әйел көркі мен ана мейірімінен нәр алады» деген даналық сөз бар. Расында адамзат өмірінің іргетасы әйелдің қолымен қаланады. Иә, әйелдің қолында тіршіліктің шырайы, отбасының шырағы бар. Тағылымды тарихымыз қайраткерлік қасиет қонған аналардан кенде болған емес. Ұланғайыр далада ұрпақ мақтанышына айналған талай ұлағатты аналар бары сөзсіз. Сол үшін оларға деген құрмет қашанда шексіз.

Көктем мезгілімен бірге келетін нәзікжандылар мерекесі жыл сайын ауданымызда елсіз өтпейді. Мейірімділік пен сұлулықтың, даналықтың және рухани қуаттылықтың салтанат құрған күні ауданның аяулы аналары мен қыз-келіншектері ерекше құрметке бөленді.

Өткен бейсенбіде аудан әкімі Руслан

Кенжебековтың қатысуымен аудан әкімдігінде Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған салтанатты шара болып өтті. Шара барысында өңір басшысы ауданымыздың нәзік жанды аруларын шұғылалы көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, барша аналарымызға сый-сияпат табыс етті.

«Әлемді әлдилеген ана жөнінде жазылмаған дастан, айтылмаған ән, арналмаған асыл сөз кемде кем. «Мен өзінді теңдесі жоқ құдірет деп түсінем, сендік қызу мың есе артық жердің тарту күшінен», – деп ақындар жырлағандай, адамзат баласына өмір сыйлаушы құдірет иелері болмаса, өмір де жоқ. Тарих қойнауында қалған қаншама айтулы оқиғаларда да аналарымыздың ерен еңбектері, ержүрек батырлығы, елбасына күн туған сәттерде елі үшін, баласы, ері үшін жанкешті тірліктері өшпестей із қалдырған. Қазіргі таңда

да әйелдер қауымы өмірге ұрпақ әкеліп, шаңырақты шаттыққа бөлеп қана қоймай, қоғамның қай саласында болмасын ер азаматтармен қатар жүріп егеменді елімізді дамытуға аянбай еңбек етіп келеді. Мұнан бөлек, сіздер өңірдің көркейіп, білім және денсаулық сақтау, кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы сынды сан түрлі саласында ауданымыздың оза шауып, асығы алшысынан түсуіне өз үлестеріңізді қосып келесіздер», – деді Руслан Айттықұлы.

Мұнан соң Ақтоғай аудандық мәслихат төрағасы Рашид Әбеуов, ауданның арадагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов мерекелік лебізін білдірді.

Мерекелік шара барысында «Тоқырауын толқындары» ансамблі әннен шашу шашып, ақ жаулықтыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Өз тілішімізден.

\*Мерекелік мезгілі

## Әдемі әсер қалдырды

Қызыларай ауылында аналар мен арулар күніне арналған мерекелік іс-шаралар жоспары аясындағы бағдарламалар байыпты түзілуімен ерекшеленіп, жұртшылық көңілінде әдемі әсер қалдырды.

Әсемдік пен әдеміліктің, сұлулықтың символы көктемнің ең әсем мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесінің қашан да орны ерекше, мәні бөлек. Өткен бейсенбіде Қызыларай ауылдық клуб үйінде аналар мерекесіне арналған мерекелік салтанатты шара өтті.

Мерекелік шараға ауыл әкімі Серікбол Спанов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.



– Өмірдегі барлық құт-береке ана жүрегінен бастау алады. Сіздердің бойларыңызда нәзіктік пен сұлулық, ақыл мен парасат, төзімділік сияқты қасиеттер қашан да үндесіп, үйлесіп жатады. Біз, сол үшін де сіздердің алдарыңызда әрқашан бас иеміз. Еңбегімен сыйлы, парасаты мінезімен халқына құрметті болған аналарымыз да аз емес. Олардың қатарында жанға дауа болар – дәрігерлер, ұрпақ тәрбиелеген – ұстаздар, ел экономикасын еселеп жүрген – кәсіпкерлер, бейнетінің зейнетін көріп отырған ардагерлер де бар. Қызыларай ауылының қыз-келіншектері қашан да еселі еңбектің алдығы қатарынан көрініп, ел құрметіне бөленіп, жоғарғы марапаттарға ие болуда. Олар біздің мақтаныштарымыз», – деген ауыл басшысы ақ жаулықты аналарды, аяулы арулар мен қыз-келіншектерді мерекемен құттықтап, дендеріне саулық, отбастарына амандық, көңілдерінің үстем болуына тілектестігін білдірді.

Бұдан кейін Қызыларай ЖБОМ-нің директоры Амангелді Әбдіразақов, Қызыларай ауылдық акушерлік-фельдшерлік пункт меңгерушісі Ербол Ескелді сахнаға көтеріліп, жиналғандарды мерекемен құттықтады. Аналардың көңілдері шаттық пен қуанышқа, құшақтарын гүлге толтырған мерекелік шарада ауыл өнерпаздары әуелете ән шырқап, көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады.

## Орманды өрттен қорғайық

Орманшылар үшін табиғаттың тазалығы аса маңызды. Жаз айларында орман-тоғайда өрттің шығуы жиі кездеседі. Ақтоғай ауданында орманды өрттен қорғау бойынша тәжірибелік оқулар жиі өтіп тұрады. Жалпы, орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы мекемесінің Қызыларай орманшылығында 25 116 гектар орман қоры бекітілген. Осы ретте, аудандағы әрбір орманшы өрт сөндіруге арналған құралдар әзірлеп қойды. Аткарылған жұмыстардың нәтижесінде Қызыларай орман шаруашылығында орманды күтіп-баптау жұмыстарының сапасы артып, тұқымбақтар іске қосылды. Ауыл тұрғындарының, қаладан келген қонақтардың далада заңсыз ағаш кесу, орман заңдылығын бұзу әрекеттері азайды. Мысалы, қоқыстарды қадағалаусыз қалдыру, демалушылар, аң аулаушылар мен малшылардың жаққан оттарын сөндірмей кетулерінен дала өртінің шығуына себеп болатын жағдайларға ескерту жасалды.

Өрт қауіпсіздігі ережелерін, орман заңдылықтарын сақтау, жануарлар әлемін қорғау жөніндегі тақырыптарға бильбордтардан жасалған үгіт белгілері орнатылды. Ормандар маңайына өрт

тоқтату тұрақтары жасалды. Жасыратыны жоқ, орман өрттерінің көбісі орманда демалғысы келетін адамдардың әрекетінен және шөп шабу науқаны кезіндегі техника иелерінің жауапсыздығынан орын алады. Оның үстіне орман-тоғайларда өткен жылғы шөптер қурап, ауа райы ысып, өрт қауіптілігі орын алып жатады. Әсіресе, жеке шаруа қожалықтары көктемгі егіндіктің орнын дайындап, мал жайылымын тазартамыз деп, өткен жылдан қалған шөптерді өртейді. Осындай әрекеттерден орман өрті өршуі мүмкін екенін ескертіп өткен жөн. Демалыс орындары мен орман аумақтарына барғандар тіршілік иелеріне ұқыптылықпен қараса, экологиямыз да таза болады.

Сұлу табиғатымыздың адамзатқа берері әлі көп. Ал, ормандағы жасыл желектің қиылуына жол бермей, өрттен сақтау – орманшылардың басты міндеті. Сондай-ақ, бұл жалпыхалықтық іс болып табылады. Ендеше, табиғатымызды өрттен қорғайық.

Д.Бақышев,  
Қызыларай орманшылығының  
орманшысы.

Адам баласы үшін ананың орны қашан да биік. Жұмақ – ананың табанының астында деген сөздің мәні аяулы жанның қадірін ерекше асқақтатып тұрғандай. Бір қолымен бесігін, екінші қолымен әлмді тербететін аналарға жүрекжарды лебізімізді күн сайын білдірсек те артық етпейді.

Көктемнің алғашқы күнімен келіп жеткен 8 наурыз Халықаралық аналар мерекесі ауданымызда кең кө-

Темірқазығы. Қазақ «Жұмақ – ана табанының астында» дегенді текке айтпаған ғой. Аналарымыз аман болғай. Бұл мейрамды анаға тағзым етудің бір белгісі деп білеміз. Нәзік жандарымыз арамызда гүлдей құлтырып, жаздай жайнап жүре берсін. Арулар – асыл жандар. Қыз бала – ертеңгі жар. Ұлағатты ана. Сондықтан, жанымыздағы жандарды бағалай бізейік. Мерекелік құтты болсын, – деді Д.Мұқатай.

## Әйел – өмірдің гүлі



лемде аталып өтті. Құсақ ауылдық округінде атаулы күнге орай ауыл әкімі аппаратының ұйымдастыруымен клуб үйінде салтанатты жиын болып өтті. Мерекелік шараға жиналған ақ жасулықтыларды ауылдық округ әкімі Дархан Мұқатай құттықтады.

– Әйел – өмірдің гүлі. Отбасының

Мерекелік шара қоңирттік бағдарламаға ұласты. Ауыл өнерпаздары жырдан шашу шашып, аналардың қатысуымен әр түрлі ойындар ойнатылды. Аналарға аудан әкімінің және ауыл әкімінің сый-сияпаттары табысталды.

### \*Мемлекеттік қызмет

## Бұзушылық үшін жазаланды

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне Шахтинск қаласының тұрғыны Азаматтарға арналған үкімет Мемлекеттік корпорациясымен жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуден негізсіз бас тартуына қатысты шағымданған болатын.

Тексеру қорытындысы бойынша Департаментпен шағым иесінің жылжымайтын мүлігіне құқықты мемлекеттік тіркеуден негізсіз бас тартқаны анықталды. Сәйкесінде Департаменттің тікелей араласуымен шағым иесінің жылжымайтын мүлігіне құқықтарды тіркеліп, қызмет алушының бұзылған құқығы қалпына келтірілді.

Өз кезегінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуде заңдылықты бұзуға жол берген Мемлекеттік корпорацияның бөлім басшысы мен бас маманы тәртіптік жауапкершіліктерге тартылды. Қызмет алушылардың бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерін қалпына келтіру мәселесі Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментінің ерекше бақылауында.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің  
Қарағанды облысы бойынша Департаменті.

## Наказаны за нарушения

Житель города Шахтинска Карагандинской области, обратился с жалобой в Департамент Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области в отношении Отдела города Шахтинска по земельному кадастру и недвижимости филиала ГК «Правительство для граждан» по Карагандинской области с фактом необоснованного отказа при регистрации прав на недвижимое имущество, что является непосредственно результатом госуслуги.

В свою очередь, Департаментом была назначена внеплановая проверка в отделе по итогам, которой был установлен факт неправомерности действий со стороны сотрудников Отдела, что привело к нарушению законности.

При содействии Департамента услугополучателю была осуществлена регистрация прав на недвижимое имущество, чем были восстановлены нарушенные права и законные интересы услугополучателя.

А руководитель и главный специалист отдела наказаны за необоснованный отказ в оказании госуслуги. Вопрос восстановления нарушенных прав и законных интересов находится на особом контроле в Департаменте по делам госслужбы по Карагандинской области.

Департамент Агентства по делам государственной службы  
по Карагандинской области.

*\*Өнер*

## Ұлттық өнерді дәріптеу – ұлы мұрат

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында саяси реформалар мен экономикалық жаңғыруды толықтырып қана қоймай, оның өзегіне айналатын бағдарлама ұсынылды. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – дамуымыздың ең басты қағидасы екенін нақты атап көрсетілді. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайтынын анық айтылды. Мақалада айтылғандай салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Осы аталған салаларды дамыту, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында елімізде түрлі деңгейде байқаулар ұйымдастырылып келеді.

Сөзіміздің айқын бір дәлелі жуырда Қарағанды облысының білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымымен Саран қаласында «Күй-тәңірдің күбірі» атты облыстық домбырашылар фестиваль-байқауы болып өтті. Байқау ұлттық дәстүрді



күй өнерін оқушылар арасында кеңінен насихаттау арқылы жас өнерпаздардың бойында мәдениет пен ұлттық өнерді сақтау, дәстүрлі күйге деген қызығушылығын арттыру, ұлттық күй өнері арқылы жас ұрпақты жеке тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал ету мақсатында ұйымдастырылған.

Аймаққа қарасты қала, аудандардан келген өнерлі



жастар бәйгесіне ауданымыздан «Өнер мектебінің» оқушылары қатысып қайтқан болатын. Жас ерекшеліктері бойынша өнер көрсеткен Айша Мекен I орынды қанжығаласа, Ақжол Талғатұлы II орынды иеленді. Бұл ақындары тілімен тас жарып, әншілері сазды әуендерін бұлбұл құсқа тыңдатқан өнердің киесі қонған Ақтоғай елі жас өнерпаздарының дүбірлі

додаларда жеткен жетістіктерінің бір парасы. Әрине осы тұста талапты шәкірттің талабын ұштап, осынау күй өнеріне баулып жүрген ұстаздары Марғұлан Сейсенбековтың есімін ерекше атап өтуге болады.

–Байқауға 7 мен 16 жас аралығындағы 200 ден астам жас домбырашылар қатысты. Жас ерекшеліктеріне қарай кіші, орта және үлкен топ болып бөлінген. Байқаудың шартына сәйкес кіші топ қатысушылары халық күйін, орта топ төкпе күйін, ал үлкен топ шертпе күйін орындады. Сонымен қатар бұл байқау тек оқушыларға ғана емес, сонымен қатар, шығармашылықпен айналысатын педагогтерді қолдауға, ұжымдар арасындағы шығармашылық байланыстарды кеңейту мен қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін тәжірибе алмасуға зор мүмкіндік берді, - дейді жас жеткіншектерді өнерге баулып, Ақтоғайдың күй керуенінің қосынын дамытуда сүбелі үлес қосып жүрген аудандық «Өнер мектебінің» ұстазы Марғұлан Сейсенбеков.

Думан Аманкелдіұлы.

*\*Спорт*

## Боз кілемдегі байрақты бәсеке

«Қазір саламатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамыту айрықша маңызды. Әсіресе, балалардың спортпен айналысуына жағдай жасау қажет. Мұның бәрі халықтың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді...»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Күш – атасын танымас», деген халқымыз білекті жігіттердің қашанда биікке көтеріп, беделін асқатқан. Бірде-бір жиын-той сол палуандарсыз өтпеген. Ұлттық ойындарды ұлықтау кейінгі кездері кең етек жайып келеді. Осындай игі шаралардың бірі күні кеше Сарышаған кентінде 2011-2012 жылы туған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен



Ақтоғай ауданы әкімінің кубогіне арналған турнир болып өтті. Жарыстың мақсаты – жастар арасында қазақ күресін кеңінен насихаттау, ұлттық спорт түрімен айналысатын жас спортшылардың үлесін арттыру.

Аты аудандық демесең, республикалық дәрежеде өткен боз кілем бәсекесін Сарышаған кентінің белсенді жастары мен ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйымдастырды. Турнирдің

аудан әкімі Руслан Кенжебеков құттықтау сөзімен ашты.

–Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді. Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Спорт инфрақұрылымдарының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жана чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл салауатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастырады» – деген болатын. Президенттің бұл тапсырмасынан туындаған спорт саласындағы басым міндеттерді жүзеге асыру үшін ауданда ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр, - деп сөз сабақтаған өңір басшысы жас палуандардың жігерін жанып, сәттілік тіледі.

Спорттық жарысқа Жамбыл, Абай, Ұлытау облыстары, Астана, Қарағанды, Теміртау, -Балқаш, Приозерск қалалары, Қарқаралы, Шет және



ауданымыздан жалпы 350-ге жуық балуан қатысты. Бұл байрақты бәсеке өте тартысты өтті. Еліміздің әр түкпірінен келген «сен тұр, мен атайын» деп буырқанған балуандар 11 салмақ дәрежесінде аудан әкімі кубогын сарапқа салды. Шалт кимыл, нартәуекел айқас жанкүйер қауымның да делебесін қоздырып отырды.

Кілемге төнген жанкүйер қиқуы күнұзаққа бір басылмады.

Жарыс қорытындысы бойынша Ақтоғай ауданы спортшылары 2 алтын, 2 күміс, 6 қола медаль ұтып алды. Ал құрамалар арасында өткен командалық сайыста 1-ші орынды Балқаш, 2-ші орын Шет ауданы, 3-ші орынды Жамбыл облысының Мойынқұм ауданының спортшылары иеленді. Барлық жүлдегер спортшылар арнайы дайындалған белбеу мен бағалы сыйлықпен марапатталды. Өңір басшысы Руслан Айтықенұлы спортшылармен турнирді өткізуге атсалысқан барлық ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар өз жалғасын таба беретінін жеткізді.

Думан ҚАБЫЛ.



# Төрлет, Наурыз жыл басы!

## Адамзатқа ортақ той

БҰҰ наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын мәлімдеп, 21 наурызды «Халықаралық наурыз күні» деп бекіткен болатын. Қар көбесі сөгіліп, күн мен түн тенелетін, ең бастысы мейірім мен қайырымдылықты ту еткен мейрамды әр ел әртүрлі тойлайды екен. Көршілес қырғыз, өзбек ағайындарды айтпағанда, оннан астам мемлекет пен еуропа елдеріндегі қазақ диаспоралары кең көлемде атап өтеді.

### Еуропа

Кейінгі жылдары Еуропаның бірқатар елдері де Наурыз мерекесін кеңінен атап өтуде. Мәселен, 2018 жылғы Наурыз мейрамы Польшаның Краков қаласында болып өткен. Мерекені тойлауға сол елдегі қазақ диаспорасымен қатар, барлық түркітілдес ұлттардың өкілдері белсенді қатысады. Еуропалықтарға Наурыз туралы ақпарат беріп, ұлттық тағам түрлерін, киімдер, әшекейлер мен салт-дәстүрлерді насихаттайды. Аустрия, Литва, Чехия елдеріндегі қазақстандықтар да мерекеге атсалысады. Әлеу желіндегі ақпараттарға сүйенсек 2018 жылы Франциядағы қандастар да Париждегі атақты Лувр мұражайының алдына киіз үй тігіп тойлапты. Ал, Германиядағы мереке 2019 жылы Гамбург қаласында 22 наурыз күні өткен.

### Әзірбайжан

Новруз байрамын тойлау Әзірбайжанда 20 наурыздан басталады. Көшелерде шығыс базары ашылып, колөнер бұйымдары саудаланады. Жеті түрлі дәмнен жасалатын «йеди-левин» тағамы жасалады. Келген меймандарға ай, жұлдыз және күн белгісіне теңейтін шекербура, пахлава, гоголь тағамдарын ұсынады. Ежелден келе жатқан ұғым бойынша көктеген бидай табиғаттың көктемдегі ояну белгісі болып есептеледі.

Дастарқанға айна, балауыз және боялған жұмыртқа міндетті түрде қойылады. Әзірбайжан халқының ежелден келе жатқан аңызы бойынша жер үлкен өгіздің мүйізінің үстінде тұр. Жаңа жыл кіргенде бұқа жерді бір мүйізінен екінші мүйізіне ауыстырады. Дәл сол кезде жер қозғалып, жаңа жыл да кіреді екен. Міне, сол жердің қозғалған сәгін жіберіп алмау үшін айнаның үстіне боялған жұмыртқаны қояды. Жұмыртқа орнынан сәл қозғалса немесе қимылдаса – Жаңа жыл кіргенін білдіретін болған.

### Иран

Ирандықтар көктем мерекесін «Жаңа жыл мерекесі» деп атап, 13 күн бойы үздіксіз тойлайды. Оның алғашқы бес күнінде алыс-жақындардың үйіне қонаққа барып, қыдырады, ал, тоғызыншы күнін Шахрйаран Навруз (шах Навруз) ретінде тойлайды. Соңғы он үшінші күн Сизда-бедар («Он үшіншісі үйден тыс») ретінде атап өтеді. Ескі жылдың соңғы сәрсенбесінде от жағып, «бәле-жала шаңырағымнан, ауру-дәрт бойымнан кетсін» деп оттың үстінен секіреді. Ерлері қызыл түсті киім киіп, беттерін қара күйе немесе қара бояумен бояп, қала көшелерін серуендейді.

Мереке күні әулеттің үлкендері кішілерге күміс не алтын тиын-тебен береді. Бұл рәсім «ауди» деп аталады. Мерекелік дастарқанға «хафт-син», яғни, «с» әрпінен басталатын 7 түрлі тағам қойылады.

## Наурыздың төл гүрпы

Жасамапаздық пен жанарудың бастауы, ырыс пен ынтымақтың арқауы өз Наурыз – ұлттық құндылықтарымыз ұлықталатын мейрам. Дәл осы күні ата-бабаларымыздан келе жатқан жөн-жоралғы, салт-дәстүрлеріміз орындалады. Көнеден келіп, көңілден кеткен көптеген көнерген салт-дәстүрлеріміз бар. Бүгін солардың бірнешеуіне тоқталсақ.

Ертеде орындалып, бүгінде ұмыт қалып отырған ғұрыптың бірі – белкөтерер. Мейірімділіктің мерекесінде орындалатын жоралғылар кішіпейілділікке, ізеттілікке, мейірбандылыққа үндейді. Белкөтерер дәстүрі де ғұрыптық ас атауы. Ел арасында «Белкөтерер – баталы сыбаға» деген нақыл бар. Ол ісі мұсылман қауымына ортақ мереке күні үлкендерге арнайы дайындалатын дәм. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер сары өзек шағында, ұзын сарыдан қалған сүбелі асты ауыл үлкендеріне апарып батасын алады екен. «Қыс бойы қакталып, сүрге айналған сыбаға қарт адамның бойына күнар береді» деген түсінік бар. Қарт адамға көрсетілетін сый-құрметтің бір парасы болып есептеледі. Бүгінде бұл дәстүр ұмыт қалып бара жатыр. Алайда, соғымнан әулет үлкендеріне үлестірілетін сыбаға тарату жоралғысының түп-төркіні «белкөтерерден» шықса керек.

Тағы бір дәстүрдің бірі – ұйқышар. Бұл тағам емес, тек ишара түрінде жасалатын салт. Ертеде ауыл жастары өз Наурызды қарсы алу үшін салтанатты шара ұйымдастырады. Жігерлі де жалынды жігіттер жағы ұлттық ойынды жандандырса, ибалы да инабатты арулар түрлі тағам дайындайды екен. Кескін-келбеті, өресімен көзге түскен жас жігітке жас ару «ұйқышардан ауыз тиіңіз» деп кез келген дәмді ұсынады. Жас жігіт те қыздың сияпат құрметін ишара ретінде түсініп, танысып көруге бел байлайды.

Бұл дәстүр сол кездегі қазақ қыздарының сезімге ерік бермейтін ибалылығын көрсететін қылығы болған. Тәрбиелік мәні зор дәстүр біріншіден қазақ қызының ұяндығын, тәрбиесін білдірсе, екіншіден қолынан бал тамған шеберлігін де көрсеткен. Әрі жар таңдаудағы тәлімді тәсілдің бірі болған. Өкінішке орай, бүгіндері атын естігені болмаса, орындалмайды.

Думан Амангелдіұлы.

ҚЫРАН – ҚҰДІРЕТ. ҮКІ – КИЕ. АҚҚУ – ҚАСИЕТ. ҚАЗ – СҰЛУЛЫҚ. СҰҢҚАР – БЕКЗАДАЛЫҚ. ҚЫРҒАУЫЛ – АУЫЗ. ҚАРЛЫҒАШ – МЕЙІРІМ. ҚЫЗҒЫШ – ҚОРҒАН. ҚАРҒА – ТАМЫР. ҚАСҚАЛДАҚ – БАУЫР. БОЗТОРҒАЙ – ӘН. БҰЛБҰЛ – САЗ. КӨК АРШЫН – БЕЙБІТШІЛІК. ШАҚШАҚАЙ – ХАБАРШЫ. Қазақтың ойы мен тіл құдіреті барда бұл тізім таусылмақ емес. Ал, әңгіме НАУРЫЗЕК аталған ШАҚШАҚАЙ жайында болмақ.

## Көктем жаршысы

Қазақтың сайын даласына жаз-ғытұрым келгенін жар салып кіретін құс – наурызек. Оның атын естімегендер аздап үркіп қалып жатады. Иә, Жетісу мен Самарқандағы, Сыр бойы мен Хазар теңізінің бойын жайлаған халықтың сәлемі мен алтын күннің шуағын асқақ алтай мен асқар Оралдағы түбі бір Түркі бауырға жеткізетін қасиетті құстың кейінгі есімі осындай. Негізі, оның ақшақшай, ақкөт торғай сынды тағы екі аты бар.

Қазақтың тілі жандыны да, жансызды мақтаса аспанға көтеріп, даттаса жертүбіне жіберетін әсерлі де, әсіре сөздерге бай ғой. Сондықтан, осы жыл құсын еркелеткенде ақшақшай, кемсіткенде, ін аузындағы ақкөт торғай дейді. Оны «абай жолындағы» Құнанбайдың ояз тілмашына айтқан кекесінінен аңғарсақ та болады.

Бұл құстың болжау қасиеті – басқа қанаттылардан ерек. Қалған жыл құстары тым ерте келіп, не кеш қайтып, ауа райынан шатысса, торғай бітімді шақшақай еш қателеспейді. Сондықтан да, туған мекені терістік арқаға қардың көбесі сөгіле бастағанда ғана жетеді екен. Қазақ даласының барлық жерінде

кездескенімен, арқаның жоғары тұсы мен терістікте ғана ұя салып, балапан шығарады. Суырдан қалған ескі інді мекендейтін шақшақайдың өжеттігінен қырантекті құстар да, жыртқыш текті аңдар да қатты қаймығады екен.

Шақшақайдың түрі торғайға ұқсағанымен, табиғаты – әнші құстарға тән. Тағы бір ерекшелігі, ол торғайша секеңдемей, жүгіре жорғалайды. Шақшақайдың құйрығы ән салғанда ғана қимылсыз қалады. Жай тұрғанда тыншыса, ғұмырының аяқталғаны екен. Таң қаларлық дүние – бір мекенде кездесе қалса, шақшақай мен қарлығаштың дос болатындығы.

Күллі құрлықтарға берекенің хабарын жеткізетін шақшақай құс – қазақтың да бір киесі.

Ғаламтордан алынды.



## Наурыз-дерек

### Наурыздың Халықаралық мәртебесі

2010 жылы 19 ақпанда БҰҰ бас Ассамблеясының 64-ші сессиясында «Әлем мәдениеті» атты күн тәртібінің 49 тармағы аясында «Халықаралық Наурыз күні» деп аталатын Қарар қабылданды.

\*\*\*

### Наурыз көже

Бұл күннің басы тағамы – Наурыз көже. Оны кем дегенде жеті түрлі: су, сүрленген ет, тұз, май, дән, айран, құрт және басқа дәмдерден әзірлейді. Тұзды қосқаны – тұз астың дәмін келтіреді. Сүт немесе ақ күйғаны – «Сүттей ұйып отырайық, көңіліміз ақ, таза болсын» деген ұғымды білдіреді. Құрт қосатын себебі – құрт аурушаң адамдарға қуат беретін күшті ас. Ет қосқаны, ет – қазақтың төл асы. «Қазан толсын, асар мол болсын» деген мақсатта сақталған сүр етті Наурыз көжеге мол етіп салады. Ал, дәнді дақылдардың емдік қасиеттері бар. Әр адам наурыз көжені тойып ішуі керек. Тойып ішкен адам жыл бойы тоқ жүреді, дені сау болады, отбасында береке-бірлік орнайды деген сенім бар.

### Тарихы терең мереке

Кейбір деректер бойынша, Наурыз мерекесінің халық арасында аталып келе жатқанына 5 мың жылдай болған.

\*\*\*

### Қыдыр ата

Мерекенің рухани бейнесі – Қыдыр ата. Бүкіл халықтың қамқоры, оларға жақсылық жасаушы, ырыс, құт, несібе әкелуші, бақыт, береке, өмір сыйлаушы қасиет иесі, кемеңгер, әулие, көріпкел, жарылқаушы қарт. Ол Ұлыстың ұлы күнінде әр елге келіп, әр шаңыраққа соғып бата береді. Сондықтан, әр үй Қыдыр атаның жолын күтіп, өздерінің жанын да, тәнін де, киер киім, ыдысы мен бұйымдарын да таза ұстауға тырысады. Үйдің іші-сыртын, қора-қопсыны тазартып, ағаш егіп, өсімдікке су құяды. Мұсылман қауымы мұндай үйге Қыдыр ата түнеп немесе бата беріп кетеді деп түсінген. «Қыдыр қонған», «Қыдыр дарыған» деген сөздер осындай дан шыққан.







## Көктемгі әскерге шақыру науқаны басталды

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 1 ақпандағы № 443 Жарлығына сәйкес ағымдағы жылғы 1 наурыздан жергілікті атқарушы органдары әкімдері орынбасарларының төрағалық етуімен қалалық және аудандық әскерге шақыру комиссиялары азаматтарды көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыруды бастады. Ақтоғай ауданы әкімдігінің Қаулысына сәйкес мерзімді әскери қызметке даярлау, мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жергілікті басқару органдарымен тығыз қарым қатынаста өткізіледі.

Тепсе темір үзетін, дені сау 18-27 жас аралығындағы



жігіттер Отан алдындағы борышын өтеуге міндетті. Бұлай болмаған жағдайда әскерден қашқандарды заң басынан сипамайды. Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартады. Егер әскерге шақырылған азамат шақыру қағазы бойынша медициналық тексеруге келмесе, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

«Әскери борышын өтеуден қасақана қашқандар Қылмыстық кодекстің 387-бабына сәйкес жазаланады. Әскерге барудан мүлдем бас тартқандарға 1000 АЕК (3450000 теңге) көлемінде айыппұл салынады немесе бір жылға бас бостандығынан айырылады», деп көрсетілген.

Ал, әскерге бармаудың жолын іздеп денсаулығына қасақана зиян тигізгендер, денсаулығында кінәрат бар екенін көрсететін жалған құжат жасағандардың жазасы тіпті қатал. Олар 3000 айлық есептік көрсеткіш (10 350 000 теңге) көлемінде айыппұл төлейді немесе 3 жылға қамауға алынуы мүмкін. Сондай-ақ, қарамағындағы қызметшінің әскерге шақырту заңдылығын бұзғанын біле тұра тиісті орындарға хабар бермеген жұмыс берушілер 29 170 теңге көлемінде айыппұл төлеуге міндетті.

Жоғарыда атап өткеніміздей, әскерге шақырылған азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 5 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеп, айыбын өтесе де, міндетінен құтылмайды. Келесі көктемгі немесе күзгі шақыртуда қайта сапқа тұрады.

Биылғы жылдан бастап ер-азаматтарды Отан алдындағы борышын өтеуге ынталандыру мақсатында түрлі жобалар жүзеге аса бастады. Соның бірі – мерзімді әскери қызметін өткерген барлық азаматқа Ұлттық бірыңғай тестілеуді есепке алмай, әскери борышын өтеген соң екі жыл ішінде жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік беру. Мерзімді әскери қызметті өткерген азаматтар Қазақстанның 42 жоғары оқу орнында тегін білім ала алады.

Сонымен қатар оларға офицер атағын алу үшін әскери кафедраларда тегін оқу мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай жеңілдіктер қазіргі уақытта борышын өтеп жүрген азаматтарға және 2022 жылы әскерге шақырылуға жататын сарбаздарға жасалмақ. Демек, биыл күзде әскерден келген соң, олардың оқуға түсуге мүмкіндіктері бар. Бұрынғы әскери қызметшілер жоғары оқу орындарының әскери кафедрасында тегін оқи алады. Жаңа жобаны Ғылым және жоғары білім министрлігі де қолдап отыр. Бұдан бөлек, әскерге барып келгендерге бірнеше жеңілдік жасалады. Атап айтқанда, олар – ҰБТ-ны

есепке алмай, әңгімелесу нәтижесі бойынша екі жыл ішінде ақылы негізде жоғары оқу орнына түсу, ЖОО әскери кафедрасында тегін оқу және әскери оқу орындарына емтихансыз және ҰБТ-сыз оқуға түсу мүмкіндіктері қарастырылған.

Жас сарбаздың жеке қасиеттеріне, үлгілі тәртібіне және мерзімді әскери қызметін өтеу кезеңінде жауынгерлік даярлықта қол жеткізген жоғары нәтижелеріне қарай әскери қызметшілерге жоғары оқу орнының гранты есебінен тегін жоғары білім алу мүмкіндігі беріледі.

Сондай-ақ, Қорғаныс министрлігінің тағы бір бастамасы – әскерде борышын өтеп жүргендерге

кредиттік демалыс беру. Яғни 13 айға дейін кредит төлеуді тоқтата тұру. Бұл бастама да азаматтардың әскерге баруға құлшынысын оятады деген үміт бар. Қалай болғанда да жастарды сарбаз болуға ынталандыру қажет. Бұл бастамалар жастар көңілінен шығып, әскерге баруға ынтасын арттыра түседі деп сенейік.

Әскерге шақырылушыларды хабарлар ету шақыру қағаздары 1414 қызметі арқылы SMS-хабарлама жіберу жолымен жүргізіледі. Сондай-ақ, 2013 жылдан бастап түрлі себеппен Отан алдындағы қастерлі борышын өтей алмағандарға әскери қызметтен өтудің шетелдегі секілді балама түрі ұсынылып, «Әскери қызмет және әскери қызметшілер мәртебесі» заңға өзгеріс енді. Әскери билетті міндетті түрде бір жылдан кейін емес, бір айдан кейін алу мүмкін болды. Әскерге қабылданғандар «40 күндік әскер» аталатын курста борышын өтей алады. Оған 24 пен 27 жас аралығындағы әскерге жарамды, денсаулығына байланысты жарамдылығы шектелген және шақырылуы шегерілген азаматтар қатыса алады. Бұл әскер түрі ақылы – 263 318 мың теңге. Осылайша, мерзімді әскери қызмет екі жылдан бір жылға дейін қысқарды, ал енді тіпті қырық күндік әскер де қарастырылды.

Биыл 15 запастағы офицерді біз әскер қатарына шақыруды жоспарлап жатырмыз. Олар 2 жыл мерзімге шақырылатын болады. Жалпы негізі былай айтатын болсақ әскери оқытылған резервті толықтыру мақсатында шақырылады. Ал қандай мамандықтар десеңіз байланысты мамандығы бар, психолог мамандықтары болуы мүмкін.

Осы жоғарыдағы мүмкіндікті пайдалана отырып, әскерге шақырылушылардың ата-аналарына мынаны жеткізім келеді. Біздің Отанымызды біздің азаматтарымыздан басқа ешкім қорғамайды. Бұл кең байтақ жерлер ата-бабаларымыздан мұра ретінде бізге жеткізілді. Олар өз өмірлерін, жандарын аямай жерімізді қорғады. Осы жерде өз ұрпақтары өмір сүреді, өздері өркендейді және біздің еліміз Қазақстан Республикасын дамытады деген оймен жасады. Осы оймен де қаза тапқандар болды.

Сондықтан болашақта біздің мемлекетіміздің тұтастығы мен оның егемендігі қазіргі жастарды қалай тәрбиелейтінімізге байланысты екенін қаперлеріңізден шығармасыңдар екен. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**А.Мухамбекова**

**Ақтоғай аудандық әскери-есеп столының бастығы.**

### Хабарландыру

"ULMUS BESSHOKY" (Ulmus BESSHOKY) АҚ 06.03.2015 ж. № 4557-ТПИ келісімшартына (2024 – 2025 жылдарға ұзартылатын кезеңге) барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 19 сәуірде сағат 11.00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Құсақ а.о., Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі 15, Мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді.

Қоғамдық тыңдаудан өту кезінде онлайн трансляцияға қосылу үшін сипаттама: <https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswa1RpZjdITEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708> конференция идентификаторы: 455 763 6415, кіру коды: a8Ub79

Қатысушыларды тіркеу жеке куәліктерін көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші - "ULMUS BESSHOKY" (Ulmus Бесшоқы)АҚ, Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Елебеков көшесі, 10 үй, "Venus" БО, 1 блок, 3 қабат, БСН131140027330, Тел. +7 77272501387.

Жоба бойынша құжаттама <https://ecportal.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kz>. "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Елебеков көшесі, 10 үй, "Venus" БО, 1 блок, 3 қабат, Тел. +7 77272501387.

Ескертулер мен ұсыныстар: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru), [pr.resurs@mail.ru](mailto:pr.resurs@mail.ru), 8 (7212) 56-81-66.

### Объявление

АО «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к Плану разведки к Контракту № 4557-ТПИ от 06.03.2015 г. (на продлеваемый период 2024 – 2025 годы).

Общественные слушания состоятся 19 апреля 2024 г. в 11.00 часов по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, Қусакский с.о., с.Қошқар, ул. Мәдениет 15, Дом культуры.

Материалы для подключения к онлайн трансляции при прохождении общественного слушания: <https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswa1RpZjdITEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708> Идентификатор конференции: 455 763 6415, Код доступа: a8Ub79

Регистрация участников производится при предъявлении удостоверений личности.

Заказчик – АО «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ), Казахстан, город Алматы, Медеуский район, улица Елебекова, дом 10, БЦ "Venus", 1 блок, 3 этаж, БИН131140027330, тел. +7 77272501387.

Документация по проекту размещена на <https://ecportal.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: Казахстан, город Алматы, Медеуский район, улица Елебекова, дом 10, БЦ "Venus", 1 блок, 3 этаж, тел. +7 77272501387.

Замечания и предложения принимаются: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru), [pr.resurs@mail.ru](mailto:pr.resurs@mail.ru), 8 (7212)56-81-66.

### Алғыс айтамыз

Ағымдағы жылдың 2 наурызы күні отбасымыздың тірегі, балаларының қамқор анасы, немерешөберелерінің сүйікті әжесі Есжанова Насипжан дүниеден озды. Анамызды ақтық сапарға шығарып салуда қол ұшын созып, біздің қайғымызға ортақтасып, демеу берген аудан халқына, туғантуыстарға, құда-жекжат, көршілерге, жора-жолдастарымызға және ауылымыздың азаматы Отыншин Ертай мырзаға отбасымыздың атынан алғысымызды айтамыз. Сіздерге Алла разы болсын. Отанымыз, отбасымыз аман болсын!

**Алғыс айтушылар: Темірбековтер отбасы.**

## Әлеуметтік дүкен

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру – халық қамы. Бүгінгі нарықта қымбатшылық алқымнан алып тұрған шақта бағаны тұрақтандыру ең бірінші орынға қойылып отырған мәселе. Осы ретте әлеуметтік дүкендердің септігі мол. Мұндай нысандар тұрғындардың қалтасын қалқай, тұрмысын түзеуге мүмкіндік береді.

Осы мақсатта таяуда ауданымызға қарасты Шашубай кентіндегі «Қазына», «Әзиза» дүкендерінде әлеуметтік сөре ашылды. Бүгінгі күні аталмыш сауда нысандарына жеке кәсіпкер Б.Искакова арқылы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тапсырыстары бойынша жеткізілуде.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда Ақтоғай ауданы әкімдігі және кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің ұйымдастыруымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру мақсатында аудан орталығында ашылған 2 әлеуметтік дүкен жұмыс жасап тұр.

Ақтоғай аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі-

нің бас маманы Данияр Қаураның айтуынша, әлеуметтік дүкендердің санын арттыру қолға алынбақшы. – Жыл сайын кәсіпкерлікті дамыту бағытында игілікті іс-шаралар атқарылу үстінде. Жеке кәсіпкерлеріміздің бастамасымен ашылған әлеуметтік дүкен, әлеуметтік сөрелердің маңызы жоғары. Мұнда жеміс-жидектер, көкөністер, күнделікті тұтынатын азық-түліктер мен киім-кешек саудалануда. Ең бастысы, ондағы баға базар бағасымен салыстырғанда арзан. Әсіресе, зейнеткерлер мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға едәуір көмек болады, – дейді Д.Қаура.

Сала мандарының айтуынша жоғарыда аталған әлеуметтік дүкендерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 17 түрі қамтылған. Одан бөлек сусындар, тұрмыстық жағдайға қажетті шаруашылық заттарда бар. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны Сарыарқа әлеуметтік корпорациясы бекітіп береді.

Өз тілішімізден.

## Құттықтаймыз!

Шашубай кентінің тұрғыны, құрметті анамыз **Жаксылық Қанапияқызы!**



Ауырталпығы мен жақсылығы қатар жүретін өмір өрісінде балаларың үшін абыроймен қызмет етіп, балапандарыңды қанаттыға қақтырмай, тұрмыстың шоқытпай, ұяда түлетіп, қияға самғатып, білімде

де мәдениетті азаматтар етіп қатарға қостыңыз. Аmandық болсын, жамандық болмасын. Арамызда аман-есен жүре беріңіз. Немере-шөберелеріңіздің есейгенін көріп, олардың үйлену тойларына қатысып, төрінде дәл қазіргідей қуанып отыра беріңіз. Туған күнін ізбен! Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа, шат күлкі мен махаббатқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын. Әр сәт сізге тек бақыт пен қуаныш сыйласын.

Құтты болсын бүгінгі,  
Сексен атты жасыңыз.  
Жаратқаным жар болып,  
Жүзге қадам басыңыз.

**Ігі тілекпен: балалары, немерелері.**



Асқар таудай әке, сүйікті ата, асыл жар **Талғат Қаламұлын 50** жасқа толған мерей тойымен шын жүректен құттықтаймыз! Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын. Адам емірінің ең елеулі күндерінің бірі – туған күнінде сізге зор денсаулық, ашық аспан, қажымас қайрат тілейміз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз.



Мың алғыс әке баққаным үшін,  
Еңбекпен нанды тапқаным үшін  
Бейнестің зейнетін көрші,  
Әкешім-менің мақтанышым!  
**Ігі тілекпен: анасы – Манзура, жұбайы – Жанар, балалары мен немересі.**



Құрметті құдамыз **Исатаев Талғат Қаламұлы!**

Сізді мерейлі 50 жасқа толған туған күнін ізбен шын жүректен құттықтай отырып, шынайы көңілден шыққан ізгі тілегімізді жолдаймыз. Денсаулығыңыз мықты болып, отбасыңыз аман, құмырыңыз мәнді де сәнді, шаңырағыңыздан шаттық үзілмесін. Туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріп, балаларыңыздың қызығына бөле беріңіз.

50 жас-мерейлі жасыңыз құтты болсын.  
Денсаулығыңыз әрқашан мықты болсын.  
Даулет пен мерейіңіз таси берсін,  
Арға берсін абырой беделіңіз.  
**Тілек білдірушілер: құда-құдағыңыз – Ерғалы-Илла, Айдын-Ләйла, Мұхамедәлі және де балаларыңыз Сағат-Мадина.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Golden sky» /Голден-Скай/ ЖШС «Еңбекші» кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспары) жоба бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінімге материалдар бойынша (Шығарындылардың рұқсат етілген нормативтері (ШРЕН), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨӘББ), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚДЖ)) қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусақ а.о., Еңбекші кен орны.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 48°33' с.е., 76°21' ш.б.

Учаскенің географиялық координаттары (с.е., ш.б.): 1) 48°33'52,860", 76°21'41,639"; 2) 48°33'43,680", 76°21'50,815"; 3) 48°33'36,300", 76°21'52,600"; 4) 48°33'34,437", 76°21'39,095"; 5) 48°33'23,080", 76°21'34,730"; 6) 48°33'23,500", 76°21'29,900"; 7) 48°33'31,655", 76°21'19,304"; 8) 48°33'38,000", 76°21'2,700"; 9) 48°33'39,335", 76°21'2,206"; 10) 48°33'41,600", 76°21'2,800"; 11) 48°33'43,629", 76°21'7,747"; 12) 48°33'55,118", 76°21'7,582"; 13) 48°33'55,321", 76°21'8,547"; 14) 48°33'48,835", 76°21'14,585"; 15) 48°33'49,002", 76°21'34,625".

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 30 сәуірде сағат 15:00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусақ а.о., Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі, 15 («Береке» клубы) мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us02web.zoom.us/j/4430470160?pwd=bWJsekFEUXBwVXJ5VXZNdGJ1bU9Wdz09&omn=87189431568>

Конференция идентификаторы: 443 047 0160. Кіру коды: 300424.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Golden sky" /Голден-Скай/ ЖШС, ҚР, Теміртау к., Қарағанды көшесі, 160-ғимарат. БСН: 050140004679. Директоры: Қасымжанов А. М. Байланыс: e-mail: goldensky2005@mail.ru, тел.8 (701) 760-17-22.

Әзірлеуші: "РД Инжиниринг" ЖШС, ҚР, Қарағанды к., Бұқар жырау даңғылы, 58а, 41. БСН: 140440027549. Әкіл: Храпова Г.Ю. байланыстар: e-mail: ecolog.krg@mail.ru, тел. 8 (705) 103-7335.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады <https://ecportal.kz> "жарияланған тыңдаулар" бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде. Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: [rde.kz@mail.ru](mailto:rde.kz@mail.ru) және тел.: 8(7212) 41-20-21.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірінші экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ "Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ мына мекенжайлар бойынша: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) Қарағанды к., Лобода к-сі, 20, тел.: 8 (7212) 56-81-66.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ОО «Golden sky» /Голден-Скай/ объявляет о проведении общественных слушаний по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие по проекту «План горных работ на месторождении «Еңбекші» (Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), Программа управления отходами (ПУО), План природоохранных мероприятий (ППМ)).

Территория воздействия: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Қусақский с.о., месторождение Еңбекші.

Географические координаты территории воздействия: 48°33'с.ш., 76°21'в.д.

Географические координаты участка (с.ш., в.д.): 1) 48°33'52,860", 76°21'41,639"; 2) 48°33'43,680", 76°21'50,815"; 3) 48°33'36,300", 76°21'52,600"; 4) 48°33'34,437", 76°21'39,095"; 5) 48°33'23,080", 76°21'34,730"; 6) 48°33'23,500", 76°21'29,900"; 7) 48°33'31,655", 76°21'19,304"; 8) 48°33'38,000", 76°21'2,700"; 9) 48°33'39,335", 76°21'2,206"; 10) 48°33'41,600", 76°21'2,800"; 11) 48°33'43,629", 76°21'7,747"; 12) 48°33'55,118", 76°21'7,582"; 13) 48°33'55,321", 76°21'8,547"; 14) 48°33'48,835", 76°21'14,585"; 15) 48°33'49,002", 76°21'34,625".

Общественные слушания состоятся: 30 апреля 2024 года в 15:00, по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Қусақский с.о., с. Қошқар, ул. Мәдениет, 15 (клуб «Береке»).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us02web.zoom.us/j/4430470160?pwd=bWJsekFEUXBwVXJ5VXZNdGJ1bU9Wdz09&omn=87189431568>

Идентификатор конференции: 443 047 0160. Код доступа: 300424.

Инициатор намечаемой деятельности: ООО «Golden sky» /Голден-Скай/, РК, г. Теміртау, улица Қарағанды, стрение 160. БИН: 050140004679. Директор: Касимжанов А.М. Контакты: e-mail: goldensky2005@mail.ru, тел. 8 (701) 760-17-22.

Разработчик: ООО «РД Инжиниринг», РК, г. Қараганда, пр. Бұхар-Жырау, 58а, 41. БИН: 140440027549. Представитель: Храпова Г.Ю. Контакты: e-mail: ecolog.krg@mail.ru, тел. 8 (705) 103-7335

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecportal.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по электронному адресу: [rde.kz@mail.ru](mailto:rde.kz@mail.ru) и тел.: 8(7212) 41-20-21.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) и г. Қараганда, ул. Лободы, 20, тел.: 8 (7212) 56-81-66.

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА** Жауапты хатшы: Думан Қабыл

**Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,**

**тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**

**Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)**

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

